



АУҒАНСТАН АХУАЛЫ

Коалиция күштері кеткен соң бұл елдің күні не болады?

2014 жыл жақындаған сайын Ауғанстанда астарлы ойындар орын алууда. Коалиция күштері ел аумағын келесі жылы тастап шығады. Алайда, президент Хамит Карзай сәуірде өтуі тиіс президенттік сайлауға дейін АҚШпен қауіпсіздік жөніндегі екіжақты келісімге қол қоймайтындығын мәлімдеді. Негізінен бұл құжат НАТО күштері 2014 жылы Ауғанстаннан әкетілгеннен кейінгі америкалық әскерилердің жайын реттеуді қарастыратынды. Коалиция күштерінің кетуінен кейінгі жағдайды арыдан ойластыратын америкалықтар қазірден ойластырып жатқанда, шынында да аймақта нендей ахуал қалыптасуы мүмкін, деген сұрақтың туындайтыны заңды.

Ауғанстан өз әскері мен қауіпсіздік күштеріне қажетті құрал-жабдықтар мен отынды жеткізуді кешеуілдетуі АҚШ-тың қауіпсіздік жөніндегі келісімге қол қойдыруды жеделдету үшін қысым жасап жатқан әрекеті, деп айыптаған ақпарат тарады. Мұндай кешіктіру осымен үшінші рет орын алып отырғанға ұқсайды. Бұл ретте АҚШ мемлекеттік хатшысы Джон Керри ауғандық ақсақалдар жиыны – Лойя Джирганың екіжақты келісімді қолдау туралы шешіміне ризашылығын білдіріп те үлгергендігін айта кеткен жөн. Жиын төрағасы Сибхатулла Моджаддди америкалық және НАТО-лық күштердің келесі жылдың соңына дейін елден кетуі тиістігін тілге тиек ете келіп, Карзайдың келісімге қол қоюды кейінге шегеруге құқы жоқ және де бұл Ауғанстанның мүддесіне қайшы екенін баса атап кеткен. Ал Ауғанстан президенті келісімге қол қою үшін бірнеше шарттарды көлденең тартса, соның бірі – Гуантанамо түрмесінде қамауда жатқан барлық ауғандықты босату. Осылайша, ел президенті отандастарының алдында ауғандықтардың тағдырына алаңдаулы екенін көрсеткісі келетін сыңайлы. Алайда, АҚШ оның мұндай ұстанымына көне қоюы неғайбыл, деп санайды кейбір сарапшылар. Өйткені, аймақтағы жағдайды өз қолдарында ұстап отырған Вашингтон үшін содырлардың күшейіп кетуі қауіпті екені айтпаса да түсінікті.

Хамид Карзайға жазған хатында АҚШ президенті Барак Обама Ауғанстанның салт-дәстүріне, азаматтарының құқына және ел тәуелсіздігіне сыйластықпен қарайтындықтарына кепілдік берілетіндігін білдіріпті. Әсіресе, америкалық әскерилердің тек төтенше жағдайларда болмаса, жайшылықта жеке үйлерге баса-көктеп кірмейтіндіктеріне де сендіріп бағыпты. Келісімдегі басты мәселе де осы жеке үйлерге баса-көктеп кірмеуге арналғаны мәлім. Ауғанстан президентінің сөзіне қарағанда, егер Лойя Джирга АҚШ-пен арадағы келісімді мақұлдаса, онда осы елде 15 мың шетелдік әскеридің қалуына мүмкіндік туады. Оның үстіне Ауғанстанның қауіпсіздігіне кепілдік беретін 2024 жылдың аяғына дейінгі мерзімге жасалған келісім Ресей, Қытай және Үндістан тарапынан қолдауға ие. Егер Хамид Карзай келісімге қол қоймаған жағдайда, АҚШ және НАТО күштері Ауғанстаннан толық әкетілуі тиіс болады.

Мұндай «нөлдік нұсқаны» Кабулға жасаған сапарында Америка президентінің көмекшісі Сьюзан Райста қуаттады. Келісімге қол қоюды кешеуілдету мәселесі Брюссельде НАТО-ға мүше елдер Сыртқы істер министрлері кеңесінде арнайы қаралады. «Талибан» қозғалысы да соңғы кезде белсенді әрекетке көшті. Жақында Ауғанстанның орталық аймағында орын алған жарылыстан төрт ауғандық полиция қызметкері қаза тауып, 17-сі әр түрлі жарақаттар алған. Бұған дейін Кабулда жасалған шабуылдан 10 адам өлім құшып, 20-сы жараланғанды. Кейбір деректерге қарағанда, Хамид Карзайдың ұйғарымымен Жоғары бейбітшілік кеңесінің арнайы делегациясы «Талибан» қозғалысы жетекшілерімен келіссөздер жүргізу үшін Исламабадқа жол тартады. Осылайша, ауған басшылығы өздерінің және жақтастарының 2014 жылдан кейінгі тағдырын қазірден күйттеп жатыр деп сөз саптауға негіз бар.

АҚШ-тың соңғы жылдары назарын Орталық Азия елдеріне аударып бастауы оның бұл аймақтан бір жолата кеткісі жоқтығын байқатып отыр. Мәселен, 2012 жылы АҚШ-тың осы аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағыттаған қаржысы 40 пайызға артқаны, сөйтіп, 215 млн. долларды құрағаны белгілі. Мемхатшының Оңтүстік және Орталық Азия елдері жөніндегі көмекшісі Роберт Блейктің пайымынша, ауған жерінен халықаралық күштердің әкетіле бастауымен экстремистік топтардың белсенділігі артады деген қауіп негізсіз. Өйткені, «Құрама Штаттар аймақтан кетпейді» және Ауғанстанның солтүстігінде әрекет етіп жатқан Өзбекстан Ислам қозғалысы тобында баржоғы ондаған немесе жүздеген адам бар. Олардың идеологиясы күштеу болғандықтан, Орталық Азия елдері тұрғындарының қолдауына ие емес. Ал белгілі саясаттанушы Досым Сәтпаев Пәкстан мен Ауғанстанда шоғырланған исламдық қозғалыстың өз эмиссарларын Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге де аймақтағы елдерге жөнелтуі орын алып отырғандығын алға тартады. Оның пікірінше, Ауғанстандағы әскери контингенттің қысқаруымен, «Талибанды» орталықазиялық жақтаушылар елдеріне қайтуы мүмкін. Олар – жағдайды қалай ушықтыруды және билік өкілдеріне қарсы қарулы күресті қалай жүргізуді білетін өз істерінің «маманы». Олай болса, бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды. Әлеуметтік проблемаларды бетперде етіп тұтқан олар ел тұрғындарын өз жақтарына бұрып әкетуі де ғажап емес.

Ауғанстандағы жағдайды тұрақ тандыруда белсенді әрекет етіп келе жатқан Қазақстан экстремистік әрекеттердің алдын алуға және терроризммен күресте заңнамалық тетіктерді жетілдіріп келеді. Жақында осы проблеманы шешуге арналған заңнамалық құжат Парламенттің қолдауына ие болды. Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері туралы толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Заң терроризмнің әлеуметтік базасын қысқартуға және қоғамды осы кеселмен күресу жолында жұмылдыруға ықпал етуі тиіс. Аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуді халықтың әл-ауқатын арттырумен байланыстырып келе жатқан еліміз аймақтағы жағдайға бейжай қарай алмайтынын да ісімен дәлелдеуде.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев шетелдік елшілік миссия өкілдерімен болған кездесуде былай деген-ді: «Біз аймақтағы кез келген дау-жанжалға ықпал ететін негіздерді жоятын боламыз, интеграцияны дамытып, барлық әріптестерімізбен

прагматикалық экономикалық ынтымақтастық орнатамыз. Мен сіздерден өз үкіметтеріңіз назарына біздің маңызды жолдауымызды жеткізуді сұраймын: Қазақстан барлық Орталық Еуразияда тұрақтылық пен қауіпсіздікті, халықтар арасындағы ынтымақтастық пен бейбітшілікті нығайтуда сенімді, лайықты әріптес болуға тырысады». Сондықтан да еліміз аймақтағы Ауғанстан, Қырғызстан және Тәжікстанға әскери техникаларды өтеусіз беру, әлеуметтік нысандар салу, студенттерін тегін оқыту сияқты қолдаулар көрсетуде. Мұның барлығы жоғарыда айтылған Мемлекет басшысының сөзімен үндесіп жатыр.

Аймақтағы жағдайға ықпал етуде Ресей мен Қытайдың, Үндістан мен Пәкстанның алар орны айтарлықтай. АҚШ Ұлттық барлау ұйымының басшысы Джеймс Клэппер осы жылдың басында Конгрестің алдында жасаған баяндамасында Мәскеудің Кеден одағы немесе Еуразиялық одақ арқылы бұрынғы КСРО елдеріндегі интеграциялық бастамаларға күш салатынын айтқан-ды. Шынында да, Ресей әзірге тек Қырғызстан, Тәжікстан сияқты шағын елдердің инфра құрылымдық жобаларына қаржы бөлуді көздеп отыр. Бұл жерде Ауғанстан туралы айтудың өзі артық, әрине, бұл уақытша болуы да мүмкін. Өйткені, экономикасын оңалта бастаған солтүстік көршіміз қазір ықпалын алдымен жақын көршілеріне жүргізуге ұмтылуда.

Қытай да аймақта өз ықпалын экономикалық жолмен жүргізуге мүдделі. «Дейли Мандегар» басылымының бас редакторы Назари Парияни Ауғанстанның Орталық Азия да орналасқанын және де Қытайдың көршісі болып табылатынын, сондықтан ҚХР орталықазиялық саясатынан үлкен пайда табатынын айтыпты. Оның пікірінше, «Ұлы Жібек жолын» жаңғырту Ауғанстанға Орталық, Шығыс және Оңтүстік Азия арасын жалғауға мүмкіндік береді. Азия Даму банкінің президенті Харухико Курода жақын онжылдықта Үндістан жаһандық экономикалық өсімде алдыңғы орындарға шығарын болжайды. Үнділік компаниялардың Орталық Азиядағы шикізат кен орындарына қызығушылығы басым екенін ескерсек, бұл ел де өз ықпалын барынша күшейтуге тырысатыны анық. Сөз орайында, америкалық геологтардың барлауына сүйеніп, Ауғанстанның қойнауындағы қазба байлықтардың көлемі триллион долларға бара-бар екендігін айта кеткен жөн.

Міне, осы орасан мол байлықты игеруге әркімнің-ақ бар таласы. Құрамында 10 азиялық мемлекетті қамтитын Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық (ЦАРЕС) ұйымына мүше елдер өздерінің жоспарларын Ауғанстанмен байланыстырып отырғаны да жасырын емес. Іс-қимыл жоспарына сәйкес, энергетика мен сауданы қосқан да жаңа өңірлік көліктік инфра құрылымдарға 23 миллиард доллар көзделіп отыр екен. Алты бағыт бойынша 68 жоба айқындалса, соның басым бөлігі Ауғанстанға қатысты. ҚХР шығысындағы порттарды Пәкстанның Карачи және Гвадарымен жалғайтын көліктік желі тартады деп күтілуде. Яғни, Пәкстан да мұндай тиімді жобадан тыс қалмайды деген сөз. Ал Өзбекстан Ауғанстанның батысындағы Андхой және Мазари-Шариф арасында 230 шақырымдық жаңа теміржол желісін тартуға кіріспек ниетте. Жоспарға сәйкес бұл теміржол желісі Шерхан – Бандар – Құндыз – Хулым – Найбабад – Андхой – Герат бағытын қамтып, барланған кендерді тасымалдауға пайдаланылатын болады. Тәжікстан да 2015 жылы Колхозобод – Дусти – Төменгі Пяндж бағыты бойынша 50 шақырымдық теміржол салуды жоспарласа, Түркіменстан да Атамұрат – Ымамназар – Акина – Андхой бағытындағы 126 шақырымдық теміржол салуды қолға алмақ. Әрине, мұның барлығы да әзірге жоспар күйінде.

Аймақтағы Ресейдің ықпалын барынша болдырмауға тырысып жатқан АҚШ-тың өзі қазір екіұшты жағдайда қалып отырғаны мәлім. Олай болса, бұл жобалар қаншалықты өміршең деген сұрақтың туындауы да заңды. Бір телеарнаға берген сұхбатында Ресей сыртқы саясат ведомствосының басшысы Сергей Лавров АҚШ-тың жалғыз өзі Ауғанстанда туындаған проблемаларды шешуге қауқарсыз дегенді айтыпты. Орталық Азия жөніндегі сарапшылардың бірі Джеффри Манкофф та өз ойын осылайша өрбітеді. Оның пайымынша, Ресей қазіргі таңда күшейген, сондықтан да онымен ынтымақтаспаса, АҚШ аймақта ештеңені жүзеге асыра алмайды. Ауған жерінде жиі болып тұратын

француз саясаттанушысы әрі жазушы Анна Нива осыдан біраз бұрын берген сұхбатында ресейлік бизнестің Ауғанстанға белсене кірігіп жатқандығын тілге тиек ете келіп, оның себебін Мәскеудің НАТО операцияларына қатыс пайтындығымен түсіндіруге тырысқанды.

Бұл ретте аймақта өзіндік рөл атқаратын Пәкстан соңғы жылдары түрмеде отырған «Талибан» қозғалысының серкелерін бостандыққа шығара бастады. Осы елдің премьер-министрі Наваз Шариф жақында Кабулға келіссөз жүргізуге баратыны да белгілі болды. Осы жерде айта кететін бір жайт, Пәкстан мен АҚШ арасында қарым-қатынастардың соңғы кездері суи бастағаны. Оған осы елдің аумағында бірнеше рет терроршылардың көзін жоюға қатысты операциялардың өткізілуі себеп болған сыңайлы. АҚШ та өз кезегінде Катарда «Талибан» қозғалысының офисін ашуға ұмтылып, 2011-2013 жылдары талибтермен келіссөздер жүргізгені мәлім. Ауғанстан мен АҚШ арасындағы кикілжіңнің астары да осында жат қаны белгілі.

Қорыта айтқанда, аймақтағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің орнауы қызығушылық танытушы елдердің, әсіресе, ірі державалардың өзара келісіміне байланысты екендігі қазірдің өзінде белгілі болып қалды. Бұл жерде «Вашингтонның қуыршағы» атанып кеткен Хамид Карзайдың да, одан кейінгі билікке келетін басқаның да өз еркі өзінде болады дегенге сену қиын. 2014 жылы НАТО күштері Ауғанстаннан әкетілгеннен кейін ауған халқына еркіндік берілгенімен, ерік берілмейтіні және анық.

Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ